


«Теректі негізгі мектебінің» 7-8 сынып жетекшісі Жалмұқанова Аяжанның тәрбие жұмыстарының 2022-2023 оқу жылының

### Есебі

2022-2023 7-8- сынып оқушыларына тәрбие жұмысының жылдық жоспары құрылып, бекітілді. 7-8 сыныпта 8 оқушы тәлім алды. 2ші тоқсаннан бастап 8-сынып оқушы Хасен Саламат Маржанбұлақ орта мектебіне отбасы жағдайына байланысты ауысты. Сынып оқушыларына әр айға белгіленген тақырыптар өз уақытында өткізіліп отырды. Сынып оқушыларының ата-аналарымен әр тоқсан сайын сынып жиналысы өткізіліп, ата-аналар комитетінің мүшелері сайланды. Оқу жылының басында оқушылардың әлеуметтік жағдайы анықталып, әлеуметтік құжаты құрылды. 2022-2023 оқу жылы 1-қыркүйек «Білімге ұмтылу: еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» атты тақырыпта білім күніне арналған сабақ өтілді. Тәрбие сағаттары 8 бағытқа сай негізделіп құрылды. Сонымен қатар оқушыларға тәрбие сағаттарымен қатар сыныптан тыс жұмыстар, каникул уақытын тиімді пайдалануға жұмыстар ұйымдастырылды. Осы оқу жылындағы атаулы күндерге орай тәрбие сағаттарына қосылып тақырыптар енгізілді. Қазан айында қарттар күніне орай «Қарттарым аман сау жүрші» тақырыбында сыныптан тыс жұмыс ұйымдастырылып, сынып оқушыларының әжелері шақырылып, сыр сұхбат ұйымдастырылды.




1-тоқсан аяқталған соң оқушылардың күзгі демалыс кезіндегі уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында, оқушыларға арналған 1 апталық жоспар құрылып, оқушылар жұмыстанды. Оқушылардың туған өлкеге деген патриоттық сезімдерін оятып, ауылымыздың дамып, көркеюі болашақ жастардың қолында екендігін түсіндіру мақсатында видеоролик түсіру ұйымдастырылды.



Еліміздің тәуелсіздік алу жолындағы ата-бабаларымыздың ерлігін паш ету, оқушыларға желтоқсан оқиғасына қатысқан аға-апалардың ерлігін үлгі етіп көрсету мақсатында «Тәуелсіздік тұғырым» тақырыбында сыныптан тыс іс-шара ұйымдастырылды.




Екінші тоқсан аяқталған соң, оқушылардың қысқы каникул уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында «Кітап оқып жүрміз бе?» тақырыбында оқушылар арасында челендж ұйымдастырылды. Оқушылар өздерінің оқыған кітаптары туралы бандап видеоролик түсіріп, сол кітаптарын оқуға шақырып, жарнамалап отырды.



137 просмотров · Нравится vova\_marzhangul  
 terekti2020\_ "Кітап оқып жүрміз бе?" тақырыбында ұйымдастырылған шарада өзінің оқыған кітабы туралы баяндады.  
 Класс жетекшісі: А. Жалмұқанова



185 просмотров · Нравится tommeru.89  
 terekti2020\_ Теректі НМ қысқы каникулда ұйымдастырылған "Кітап оқып жүрміз бе?" тақырыбы бойынша 7-8сыныптар арасында оқыған кітаптарын баяндады.  
 Мақсаты: қысқы каникул уақытын тиімді пайдалану. Кітаптың құндылықтарын түсіндіру.



Нравится gul\_e\_k и ещё 11  
 terekti2020\_ Теректі негізгі мектебінде қысқы каникулда тиімді ұйымдастыру мақсатында 7-8сыныптар арасында "Қытымыр қыс келгенде" тақырыбында оқушылар арасында эссе жазу өткізілді.  
 Мақсаты: қыс туралы өз түсініктері мен ойларын көркем жазып жеткізуге дағдыландыру.

Сонымен қатар оқушылар арасында «Қытымыр қыс келгенде» тақырыбында эссе жазу ұйымдастырылды. Мақсаты қыс туралы өз түсініктері мен ойларын көркем жазып жеткізуге дағдыландыру.

Наурыз айында 8-наурыз мерекесіне орай аруларымызды жеңгелерімен бірлескен «Сырғалым сырласым» атты сайыс ұйымдастырылды. Сайыс барысында әр аруымыз өз жеңгесімен бірлесе жұмыс жасап, дәстүрімізді жаңғыртуға өз үлестерін қоса алды. Ұмыт болып бара жатырған тағамдарды пісіріп әкеп жасалуын таныстырды.



Наурыз мерекесіне орай оқушыларға салт-дәстүрлерімізді жаңғырту мақсатында салт-дәстүрлерден көріністер қойылды.



Жылдың соңында оқушылардың ата-аналарымен жиналыс ұйымдастырылып, оқушылардың бағалары таныстырылды.

Сынып жетекшісі: Жалмұқанова Аяжан